

«STUDY IN KAZAKHSTAN – 2026»

БІЛІМ КӨРМЕСІ ТАЛАПКЕРЛЕРГЕ

ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРДІ ТАНЫСТЫРДЫ

Шымкент қаласында «Study in Kazakhstan – 2026» атты ауқымды білім көрмесі өз жұмысын жалғастырды. Үш жылдан бері жүйелі түрде өткізіліп келе жатқан бұл көрме биыл Қазақстанның 17 өңірін қамтып, осы уақытқа дейін Маңғыстау облысы, Астана, Павлодар, Семей, Өскемен, Алматы, Тараз қалаларында ұйымдастырылған болатын. Бүгінде маңызды шара Шымкентте өтіп, мыңдаған талапкерге бағыт-бағдар берді.



Көрменің басты мақсаты – талапкерлерге еліміздегі жетекші жоғары оқу орындары мен Қазақстанда ашылған шетелдік университет филиалдарының білім беру мүмкіндіктерін жан-жақты таныстыру. Аталған алаңда ботан астам отандық жоғары оқу орны мен халықаралық деңгейдегі оқу орындарының филиалдары бас қосып, жастарға сапалы білім алудың жаңа жолдарын ұсынды.

Іс-шара барысында талапкерлер оқу орындары туралы ақпарат алып қана қоймай, мамандық таңдауға қатысты кеңес алды. Арнайы шақырылған кәсіби бағдар беруші мамандар жастарға болашақ мамандығын дұрыс таңдауға көмектесті.

Бұл көрме Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесіндегі соңғы жаңашылдықтарды таныстырумен ерекшеленеді. Атап айтқанда, Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті базасында АҚШ-тың жетекші инновациялық оқу орындарының бірі – Arizona State University-мен бірлескен жаңа жоба ашу жоспарланып отыр. Бұл жоба қазақстандық жастарға халықаралық стандарттарға сай білім алуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті базасында Түркияның беделді жоғары оқу орындарының бірі Гази университеті филиалының ашылуы да білім беру саласындағы маңызды қадамдардың бірі.

Айта кетейік, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, Қазақстанда жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Осы бағытта Ғылым және жоғары білім министрлігі жүйелі жұмыс атқарып, 40-тан астам стратегиялық серіктестік орнатқан. Нәтижесінде ел аумағында шетелдік университеттердің филиалдары ашылып, қос дипломдық білім беру бағдарламалары жүзеге асырылуда.

Ғылым және жоғары білім министрінің кеңесшісі Руслан Емелбаевтың айтуынша, көрменің негізгі мақсаты талапкерлерді Қазақстанда ашылып жатқан шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарымен таныстыру, сондай-ақ жоғары білімнің даму бағытын көрсету.

– Бұл көрме тек оқу орындарын таныстырумен шектелмейді. Біз талапкерлерге кешенді қолдау көрсетуді көздейміз. Сондықтан кәсіби бағдар беретін мамандарды да арнайы шақырдық. Жастар өз болашағын саналы түрде таңдауы тиіс, – деді ол.

Жалпы, «Study in Kazakhstan – 2026» көрмесі – талапкерлер үшін үлкен мүмкіндік алаңы. Мұнда жастар өздерін қызықтырған оқу орындары туралы толық ақпарат алып, болашақ

мамандығын айқындауға алғашқы қадам жасайды. Сонымен қатар, халықаралық деңгейдегі білімге қол жеткізуге жол ашатын жаңа жобалар мен серіктестіктердің таныстырылуы көрменің маңызын арттыра түсті.

Көрме барысында талапкерлер тек оқу орындарының білім беру бағдарламаларымен танысып қана қоймай, түрлі мотивациялық кездесулер мен кәсіби бағыт-бағдар беретін маңызды кеңестерге де куә болды. Атап айтқанда, профориентологтар Қарлығаш Берекеқызы және Омарбек Көшкінбайұлы түлектерге мамандықты дұрыс таңдау мен грантқа түсу жолдары туралы кеңінен түсіндірді. Мамандар жастарға өмірлік маңызды шешім қабылдауда тек білім көрсеткіштерін ғана емес, адами құндылықтар мен тұлғалық ерекшеліктерді ескеру қажеттігін атап өтті. Олардың айтуынша, табысты болудың басты кілті – жүрек қалауымен таңдалған мамандық. Осы орайда түлектер өз жолын сеніммен таңдап, ішкі қалауын тыңдай білуі тиіс екені ерекше айтылды.

Сонымен қатар, іс-шарада ҰБТ сарапшысы, химия пәнінен дайындық кітаптарының авторы, «DostyqOnline» жобасының негізін қалаушы Фархат Сұлтабаев талапкерлермен кездесіп, «Оқушылардың 95%-ын грантқа түсіретін 3 құпия» тақырыбында тәжірибесімен бөлісті. Ол грантқа түсу үшін жүйелі дайындық, дұрыс стратегия және психологиялық дайындықтың маңызын атап өтті.

Ал, Руслан Тоқтарбекұлы шетелдік жоғары оқу орындарының Қазақстандағы филиалдарында білім алуға мемлекет тарапынан арнайы гранттар бөлінетінін жеткізді. Бұл – қазақстандық жастардың халықаралық стандарттарға сай тегін білім алуына жасалып отырған үлкен мүмкіндік әрі қолдау.

Осылайша, «Study in Kazakhstan – 2026» көрмесі талапкерлерге тек ақпараттық алаң ғана емес, өмірлік маңызды шешім қабылдауға бағыт беретін кешенді білім платформасына айналып отыр. Көрме кешке дейін жалғасады.

**Ақерке СӘРСЕН,
М.Әуезов атындағы
ОҚЗУ мәдениет және өнер
факультетінің
оқытушысы**